

ХАТТАМА № 7

2023 жылғы 30 наурыз

Жаңаөзен ауылы

Директор жанындағы кеңес отырысы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі,
мектеп психологтары, сынып жетекшілер,

Күн тәртібі:

1. 9.11 сынып оқушыларының қорытынды мемлекеттік аттестаттауға дайындық барысы туралы (директор оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Т Ашимханов)
2. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мектепте орындалуы туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева)
3. Оқушылар демалыс кезіндегі өмір, денсаулық қауіпсіздіктерін сақтау туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева)

Тыңдалды:

1. **Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Т Ашимханов**
- Қорытынды аттестаттауға дайындық барысы бекітілген сабақ кестесі, қосымша сабақ кестенсі бойынша қатысумен қадағаланады. Қорытынды аттестаттауға дайындық барысы қатан бақылауда ұсталып күн тәртібінен түспейтін мәселе. Бүгінгі күні орыс тілі бойынша Э.М Жакупбекова екі қосымша сабақты, орыс тілі мен әдебиет пәні бойынша Н.В Болт өткізіп нәтиже көрсетуде. Жалпы барлық пәндерден тестті ғана жаттамай тақырыптарды оқыса жұмыс нәтижелі болды. Бүгінгі күні дайындық жұмыстарын жүргізбей, дайындалма, емтиханның маңыздылығы түсінбей жүрген оқушылармен пән мұғалімдер ата – аналармен бірлесе отыра жұмыс жүргізіп оң шешім тапты. Оқушылар дайындық сабақтарына келмейді деген мәселе мүлде орын алмау керек. Сынып жетекшілерге қатысты ешқандай ескертулер жоқ. Үнемі келмеген оқушылар қадағаланып ата – аналармен жұмыс жүргізіліп отырады.
2. **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева**
- 2020-2025 жылдарға арналған оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту, кітап оқуға құштарлықтарын ояту мақсатында « Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыруымыз керек. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқушы, ата – ана, мұғалімдерге арналған жұмыстар жекелей жүргізілуде. Әр сыныптан топ құрылып оның құрамына ата-аналарда қосылған. Таңдаған кітапты бірлесе оқып қорытындысын талқыланып отырады. Бүгінгі күні кітап оқитын бала саны көбеюде. Оқушыларды кітапханаға қайтару мақсатында кітапхананың материалдық – техникалық базасына нығайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жалпы мектеп бойынша осы бағытта оқушылар әртүрлі аудандық, облыстық, республикалық сайыстарда нәтиже беруде.

3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж Тагаева

- Төртінші оқу тоқсаны аяқталып демалыс уақыты келді. Бүгінгі күні оқушылармен су тасқыны кезіндегі, мұз үстінде, отпен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі бойынша нұсқаулық беріп, таныстырып журналға қол қойдырту керек. Жалпы тоқсан қорытындысы бойынша өткізетін ата-аналар жиналысында толық ақпарат беріп бірлесіп жұмыс жүргізу қажет. Сыныптарыңыздағы әр оқушының өмір қауіпсіздігі бақылауда тыс қалмау керек.

Қаралған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:

1. 9 – 11 сынып оқушыларының қорытынды мемлекеттіке аттестаттауға дайындық барысы қарқынды жүргізілсін.
2. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мектепте орындалуы қатаң бақылауға алынып, жұмыс ары қарай жалғастырылсын
3. Оқушылардың демалыс кезіндегі өмір, денсаулық қауіпсіздіктерін сақтау туралы оқушыларды, ата – аналарды ақпараттармен таныстыру сынып жетекшілерге жүктелсін.
4. Қаулының орындаплуы директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Төрағасы:

Хатшы



Байғалиев К.С.

Мадыбаева А